

№10 тәжірибелік сабақ.

Тақырыбы: Лиро-эпостық жырлар

Сабақтың мақсаты: Жырлар туралы мәлімет алу.

Семинар жоспары:

1. Лиро-эпостық жыр туралы түсінік
2. Лиро-эпостық жырлардың құрлысы, көркемдік ерекшелігі.

Тапсырма: Лиро-эпостық жырлардың өзіндік жанрлық ерекшеліктері. Қазақ лиро-эпостарының жиналып, жариялану, зерттелуі. Олардың нұсқаларының ерекшеліктері мен ұқсастықтары.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар: Жырдың образдары. Жырдың композициясы мен сюжеті, құрылысы мен стилі, тілі айқындау.

Конспектілеу - мәтіннің ең маңызды жағдайларын барынша қысқа етіп жазбаша баяндау. Конспектілеу арқылы жинақталған білім баяндама, реферат дайындағанда пайдаланылады. Конспект дайындауға байланысты түрлі жаднама бар. Солардың бірі мынадай: 1) Конспектілеу алдында шығарманы мұқият оқып, жоспарын құру; 2) Конспектілеуді бастағанда автордың (немесе жинақ редакторының) дәл аты-жөнін, жұмыстың толық атын, шыққан жері мен уақытын көрсету; 3) Ғылыми еңбектің тарау, бөлім, параграфы барлық кезде де дәл көрсетілуі тиіс; 4) Мәтін қысқа мазмұндалады, бірақ негізгі ойлар мен дәлелдер толық жазылуы тиіс; 5) Конспектілегенде цитата қолданылуы керек; 6) Конспектілеу барысында түрлі шартты белгілер жүйесін қолдану керек, олардың конспект бойынша жауап бергенде көмегі көп. Осылайша құжаттарды тұтастай немесе фрагмент түрінде конспектілеуді, сол бойынша тарихи тұлғалар, оқиғалар мен құбылыстарға баға беріп, құжатпен дербес, шығармашылық жұмыс жасауға үйренеді.

Дайындалуға арналған сұрақтар:

1. Лиро-эпостық жырлардың тарихи танымдық негіздері

Есеп беру түрі: конспект, ауызша мазмұндау.